

Шектеу іс-шараларын алу туралы

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 05 тамыздағы № 1-03/4 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде, ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар кешенінің орындалуына байланысты, Шарбақты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Лебяжі ауданының Шарбақты ауылдық округі Шарбақты ауылы мекенжайы бойынша орналасқан "Святілғазы" шаруа қожалығы аумағындағы шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Лебяжі ауданының Шарбақты ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/2 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5102 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 мамырда № 19 "Аққу үні – Вести Акку" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ауылдық округ әкімі

Т. Қасенов